

Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 454 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3082. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , " Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 13 қазандағы N 248-р өкіміне сәйкес **Бұйырамын** :

1. Қоса беріліп отырған Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру ережесі бекітілсін .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Ауыл шаруашылығы министрінің
2004 жылғы 23 тамыздағы
N 454 бұйрығымен бекітілген

Ескерту. Оң жақ бұрышқа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру

Ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Сорттық және тұқымдық бақылау тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұқым шаруашылығы субъектілерінің иелігіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің егістері мен тұқымдары бойынша жүргізіледі және оның ішіне :

тұқымды өндіру, өңдеу, сақтау, сату және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылау;
тұқымның сорттық және егістік сапаларына сараптама жүргізілуін бақылау;

сорттық егістіктерге тексеру жүргізілуін бақылау;
тұқым шаруашылығы субъектілерінің тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, стандарттарды және басқа да нормативтік актілерді сақтауын бақылау енеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

2. Сорттық және тұқымдық бақылау жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының барлық аумағында тұқым шаруашылығы саласындағы бірыңғай әдістер, терминология және нормативтік құжаттар, сондай-ақ техникалық құралдардың бірыңғай үлгілері қолданылады.

2. Сорттық және тұқымдық бақылау жүргізетін ұйымдар мен тұлғалар

3. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің егістері мен тұқымдарына сорттық және тұқымдық бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті мен оның аумақтық органдарының тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлары (бұдан әрі - мемтұқинспекторлар) жүргізеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

4. Тұқымның сорттық және егістік сапаларын зертханалық сынауды (тұқымның сапасын сараптау) белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

5. Топырақтық бағалау мен зертханалық сорттық сынауларды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығы дақылдарын сортсынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы және (немесе) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми-зерттеу кәсіпорындары жүргізеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

3. Сорттық бақылау жүргізу

6. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің егістері мен тұқымдарын сорттық бақылау тексеру, топырақтық бағалау, зертханалық сорттық сынаулар арқылы жүргізіледі.

7. Белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқым өндірушілерде мемтұқинспекторлар жыл бойы тұқым өндірісін бақылауды жүзеге асырады. Оның ішіне мынадай кезеңдер:

тұқым себу үшін дайындалған танаптарды тексеру;
өсу кезеңінде сорттық егістерді тексеру;
сорттық және будандық егістердің тексерілуі мен далалық зерттелуін бақылау ;

тұқымның терілуін (жиналуын), тасымалдануын, өңделуін (тазалануын) және сақталуын, тұқым қоймаларының дайындығын бақылау;
тұқымды өндіру технологиясының сақталуын бақылау енеді.

8. Аттестатталған тұқым өндірушілер дер кезінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциялары (бұдан әрі – аумақтық инспекциялар) танаптардың тұқым шаруашылығы үшін егуге дайын екендігі туралы хабарлайды, содан соң мемтұқинспекторлар танаптарды тексеруді жүргізеді. Танаптарды тексеру кезінде кеңістіктік бөлектеу, ауыспалы егісті ұстау, қажетті агротехникалық іс-шараларды жүргізу, танаптардың шекараларының тазалығы тексеріледі. Танаптарды тексеру нәтижелері бойынша 1-қосымшаға сәйкес есеп жасалады.

Егісті тексеру кезінде себуге әзірленген тұқымның сорттық және егістік сапаларын растайтын құжаттардың бар болуы, егіс техникасының жағдайы, егіс технологиясы ережелерін сақтау тексеріледі. Тексеру нәтижелері бойынша 2-қосымшаға сәйкес есеп жасалады. Танаптың дайындығын тексеруді егісті тексерумен қиыстыруға жол беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

9. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өсуі кезеңінде түрлік, сорттық фитопатологиялық тазартуды (арамшөп жұлу) жүргізуге тексеру жүргізіледі.

10. Тұқымы сатуға немесе тұқым өндірушінің өзінің тұқымдық егістерінде пайдалануға арналған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің егісі міндетті түрдегі тексеруге жатады.

11. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттық егістерін тексеруді белгіленген тәртіппен аттестатталған апробаторлар тұқым өндірушілердің облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - облыстың жергілікті атқарушы органы) берген тапсырыстары бойынша жүргізеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

12. Та на п т ы қ т е к с е р у д і :

бірегей тұқымдардың егістерін - облыстың жергілікті атқарушы органының бұйрығымен құрылған облыстық және аудандық аумақтық инспекциялардың мемтұқинспекторлары, тиісті дақыл жөніндегі селекционер, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және тұқым өндірушінің өкілі құрамындағы к о м и с с и я ;

элиталық тұқымдардың егістерін - облыстың жергілікті атқарушы органының бұйрығымен құрылған құрамында облыстық және аудандық аумақтық инспекциялардың мемтұқинспекторлары, облыстың жергілікті атқарушы органының өкілі, өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор және тұқым өндірушінің өкілі бар комиссия;

бірінші және келесі репродукциялы тұқымдық егістерді - облыстың жергілікті атқарушы органының бұйрығына сәйкес тұқым өндірушінің өкілінің қатысуымен белгіленген тәртіппен аттестатталған апробаторлар жүргізеді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

13. Егістерді сорттық бағалау нәтижелері негізінде тиісті тексеру құжаттары ж а с а л а д ы , о л а р д ы :

бірегей тұқымдардың егісіне арналғанын - облыстық аумақтық басқарманың б а с т ы ғ ы ;

элиталық тұқымдардың, бірінші және келесі репродукциялы тұқымдардың егісіне арналғанын - аудандық аумақтық басқарманың бастығы бекітеді.

14. Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірегей және элиталық тұқымдары топырақтық бағалауға жатады.

Зертханалық сорттық сынауға Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының соңынан сатуға арналған элиталық тұқымдары мен бірінші репродукциялы тұқымдары жатады.

Топырақтық бағалау мен зертханалық сорттық сынау тәртібін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілейді.

15. Тұқымды дайындау, өңдеу, сақтау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

16. Сатуға жататын бірегей және элиталық тұқымдарды, бірінші және келесі репродукциялы тұқымдарды сақтауға арналған астық қоймаларының дайындығы мемтұқинспектордың тексеруімен анықталады. Оның нәтижелері бойынша 3-қосымшаға сәйкес нысанда қорытынды жасалады.

4. Тұқымдық бақылау жүргізу

17. Тұқымдық бақылауға сатуға жататын бірегей және элиталық тұқымдардың, сондай-ақ бірінші және келесі репродукциялы тұқымдардың партиялары жатады.

18. Тұқымдық бақылау тұқымның бақылама сынамаларын алу және соңынан оларды белгіленген тәртіппен аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханаларда зерттеу арқылы жүргізіледі.

Тұқымды сапасын сараптауды жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі белгілейді.

19. Бақылама сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұқымды талдау нәтижесін береді.

20. Тексерістік бақылау (мемлекеттік бақылау) кезінде, сондай-ақ таласты жағдайларда бақылама сынамаларын алуды стандарттарға сәйкес мемтұқинспектор тұқым иесінің өкілі мен сатып алушының қатысуымен жүргізеді. Таласты жағдайларда бақылама сынамаларын алуды сатып алушысыз да жүргізуге жол беріледі.

Бақылама сынамаларын алу нәтижесі 5-қосымшаға сәйкес нысандағы кесіммен ресімделеді.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

21. Таласты жағдайларда тұқымның сапасын бақылаулық зерттеуді жүргізуге арналған өтінішті тиісті аумақтық инспекцияға:

тұқымды жеткізуші 5 күннен кешіктірмей - сапасы жеткізушінің құжаттарында көрсетілген көрсеткіштерге сай емес тұқым алғандығы туралы тұтынушыдан ескертпе хат алғаннан кейін;

тұқымды тұтынушы 20 күннен кешіктірмей - жеткізушіден сапасы жеткізушінің ілеспе құжаттарында көрсетілген көрсеткіштерге сай емес тұқым партиясын алғаннан кейін, беруі тиіс.

Өтінішпен бірге:

тұқымды жеткізуші - қарсылық білдірген тұқымның сапасы туралы куәлікті немесе оның көшірмесін және алу кесімімен бірге сынаманың телнұсқасын;

тұқымды тұтынушы - сынау қорытындысын және алу кесімімен бірге сынаманың телнұсқасын жібереді.

Өтініш мынадай жағдайларда қабылданбауы мүмкін:

телнұсқалық сынама бақылаулық талдауға түскен уақытқа қарай қарсылық білдірген тұқымның сапасы туралы куәліктің күші біткен;

сынамаларды алу мерзімдері бұзылған.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

22. Тексерістік бақылау кезінде, сондай-ақ таласты жағдайларда тұқым сапасын сараптау қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

23. Аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалардың тұқымның сорттық және тұқымдық сапасын сараптауды жүргізуін және олардың тұқым шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды сақтауын бақылауды мемтұқинспекторлар жүзеге асырады. Тексеру нәтижелері бойынша 6-қосымшаға сәйкес нысандағы кесім жасалады.

Аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалардың стандарттармен белгіленген тұқымның сапасын анықтау әдістерін бұзғандары белгілі болған жағдайда облыстық аумақтық инспекциялар стандарттау, метрология және сертификаттау органдарына олардың зертханадағы өлшеу жағдайын бағалау туралы куәлігін кейін қайтарып алу туралы ұсыныс жібереді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

24. Тұқым өндіруші аттестатталған тұқымның сапасын сараптау жөніндегі зертханалар берген тұқымның сорттық және тұқымдық сапасын зерттеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемтұқинспекторлар тұқым өндірушілердің наразылықтарын қарастырады.

Бақылаулық сынаманы зерттеу кезінде алынған нәтижелердің бұдан бұрын берілген тұқымның сапасын растайтын құжаттарда көрсетілген нәтижелермен үйлеспеушілігі расталған жағдайда тұқымның сапасын сараптау жөніндегі осы зертхана мемтұқинспектордың қорытындысы негізінде белгіленген тәртіппен оларды жаңасына ауыстырады.

Тұқым өндіруші қорытындымен келіспеген жағдайда талас заңнамамен белгіленген тәртіппен шешіледі.

25. Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру кезінде туындайтын таластар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Сорттық және тұқымдық бақылауды
жүзеге асыру ережесіне
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

Тұқымдық егіс үшін арналған танаптарды тексеру туралы

Есеп

_____ негізінде

(тұқым өндірушінің атауы

_____ да қыл, сорт
_____ тұқымын

репродукция)

өндіру мақсатында егу үшін арналған танаптарын тексеру жүргізілді.
Тексеру жүргізілген күн: 200__ жылғы " ____ " _____.

Тексеру нәтижелері

Алқап, га _____

Жағдайы, дайындығы _____

Агротехникасы _____

Дақыл, репродукция, өткен жылғы сорт _____

Тұқымның шығу тегі _____

(құжаттың N, күні, репродукция, сорт, партия,
салмағы, алынған жері)

Егістік техниканың жағдайы _____

Қорытынды _____

_____ Т ұ қ ы м _____ ө н д і р у ш і н і ң
өкілі, лауазымы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Қ а з а қ с т а н _____ Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Агроөнеркәсіптік кешеніндегі

мемлекеттік инспекция комитетінің

аумақтық инспекциясының тұқым

шаруашылығы жөніндегі

мемлекеттік инспекторы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Сорттық және тұқымдық бақылауды
жүзеге асыру ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы
министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

Егісті тексеру туралы

Есеп

_____ негізінде
_____ тұқымын
(дақыл, сорт, репродукция)
өндірудің белгіленген технологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау
мақсатында _____

(өтініш берушінің атауы)

егісін тексеру жүргізілді.

Тексеру жүргізілген күн: 200__ жылғы " ____ " _____.

Тексеру нәтижелері

Алқап, га _____

Тұқымның шығу тегі _____
(құжаттың N, күні, репродукция, сорт, партия,
салмағы, алынған жері)

Агротехникасы _____

Себілген күн _____

Қорытынды _____

_____ Т ұ қ ы м ө н д і р у ш і н і ң
өкілі, лауазымы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешеніндегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
аумақтық инспекциясының тұқым
шаруашылығы жөніндегі
мемлекеттік инспекторы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Сорттық және тұқымдық бақылауды
жүзеге асыру ережесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы
министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

Қорытынды

_____ негізінде

(тұқым өндірушінің атауы

дақыл, сорт, репродукция)
сатуға жататын тұқымын сақтауға арналған N _____тұқым қоймасын
тексеру жүргізілді.
Тексеру жүргізілген күн: 200__ жылғы "___" _____.
Тексеру нәтижелері
Тұқым қоймасының жағдайы _____
Дайындығы _____
Қорытынды _____

Тұқым өндірушінің
өкілі, лауазымы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешеніндегі
мемлекеттік инспекция комитетінің
аумақтық инспекциясының тұқым
шаруашылығы жөніндегі
мемлекеттік инспекторы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Сорттық және тұқымдық бақылауды
жүзеге асыру ережесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы
министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

N ___ тұқымды талдау нәтижесі

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты,

_____ әкесінің аты, аудан, облыс)

_____ сақтаулы

(N ___ бөлімше (бригада)

200_ жылғы _____ берілген N ___ кесіммен талдауға тапсырылған
(кү н і , а й ы)

_____ алынған,

_____ репродукциялы, _____ жылғы егіннің

(ауыл шаруашылығы өсімдігі, сорты)

салмағы ___ центнер, фракция N ___ тұқымының N ___ партиясына берілді.

Орын саны (қап), N ___ қойма, N ___ қамба үйіндіде

Тұқымның мақсаты _____

Т а л д а у н ә т и ж е л е р і

1. Тазалығы _____ %, оның ішінде _____ %

2. Қалдық, барлығы _____ %, оның ішінде басым топтар _____ %

3. Басқа өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____

4. Жемдік шөптердің басқа түрлерінің тұқымдары _____ %

5. Басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %) _____

6. Арамшөптік өсімдіктер тұқымдары (1 кг-ға дана немесе %),
б а р л ы ғы _____

о н ы ң і ш і н д е :

аса зиянды арамшөп тұқымдары (жемдік шөптер үшін, 1 кг-ға дана)

жатаған бидайықтың тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

карантиндік арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

улы арамшөптердің тұқымдары (1 кг-ға дана) _____

7. Қаракүйелік құрылымдар _____ %

8. Қарамықтар _____ %

9. Бидай нематодасының беріштері (1 кг-ға дана) _____

10. Өсу қуаты _____ %

11. Өнгіштігі _____ %

оның ішінде қаттылары _____ %

Өсіру жағдайлары _____

12. Өмірге бейімділігі _____ %
 Анықтау әдісі _____
13. Ылғалдылығы _____ %
14. 1000 дәннің салмағы _____ г
15. Аурулармен залалдануы (тұқымды талдау кезінде толтырылады:
 центрифугалау әдісімен _____ дана, биологиялық әдіспен _____ %)
16. Зиянкестермен жайлануы _____
17. Тұқым сынамаларын сырттай қарау мәліметтері:
 түсі қалыпты иісі қалыпты
 қарайған көгерген
18. Басым түрлердің ботаникалық құрамы:
 басқа екпе өсімдіктердің тұқымдары _____
 (а т ы)
 сорттық өсімдіктердің тұқымдары _____
 (а т ы)
19. Басқа анықтамалар: _____

Қорытынды мен ұсыныстар:

Толық немесе толық емес талдау жүргізген кезде:

Тұқымдар мына көрсеткіштер бойынша с а п а с ы з		Талдау кезінде белгілі болды		Стандартпен белгіленгені
--	--	---------------------------------	--	-----------------------------

Тұқымдар _____ және қайташа толық талдауға жатады
 (өңдеу түрі)

Толық емес талдау жүргізген кезде:

Тұқымдар _____
 (талдау жүргізілген көрсеткіштер атауы)

бойынша стандарттар талаптарына сай.

Зертхана меңгерушісі _____
 (тегі, аты, әкесінің аты, қолы, мөрі)

200__ жылғы _____
 (күні, айы)

Сорттық және тұқымдық бақылауды
 жүзеге асыру ережесіне
 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

Тұқымдық сараптама өткен ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымын тексерістік бақылау кесімі

200__ жылғы _____ дейінгі кезеңде төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, лауазымы)

мүшелері _____

кұрамдағы комиссия 200__ жылғы "___" _____ N ___ тұқым сапасы туралы куәлік алған _____

(тұқым өндірушінің атауы)

өндірген _____

(дақыл, сорт, репродукция, партия N, себу стандартының
с ы н ы б ы)

тұқымын бақылауды жүргізді.

Тексеру кезінде белгілі болғаны:

1. Тексеру объектілері _____

(тұқымның сапасы, сақтау жағдайлары және т.б.)

2. Тұқымды бірдейлестіру және сынау нәтижелері _____

3. Өндірісті тексеру нәтижелері _____

4. Қорытынды: _____

(тұқым мен оны өндірудің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау)

Комиссия төрағасы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Сорттық және тұқымдық бақылауды

жүзеге асыру ережесіне

б-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009.01.05 N 05 Бұйрығымен.

**Аттестатталған тұқымның сапасын сараптау
жөніндегі зертханаларды тексеру
кесімі**

_____ негізінде

_____ (аттестатталған тұқымның сапасын сараптау

_____ жөніндегі зертхананың атауы)
орындалатын тұқымның сорттық және егістік сапасын сараптау
жөніндегі жұмыстар бойынша және тұқым шаруашылығы саласындағы
нормативтік құқықтық актілер мен стандарттарды сақтауы
тексерілді.

Тексеру жүргізілген күн: 200__ жылғы " ____ " _____.

Тексеру нәтижелері

Мамандардың бар болуы, олардың біліктілігі _____

Нормативтік құжаттардың жаңғыртылған қорының бар болуы _____

Қажетті өлшеу құралдарының бар болуы _____

Қорытынды _____

Аттестатталған _____ тұқымның
сапасын _____ сараптау
жөніндегі _____ зертхананың
өкілі, лауазымы _____
(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Агроөнеркәсіптік кешеніндегі
мемлекеттік инспекция
комитетінің аумақтық
инспекциясының _____ тұқым
шаруашылығы _____ жөніндегі

мемлекеттік инспекторы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ